

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «География» пәнін  
көптілді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Әдістемелік ұсынымдар

**Методические рекомендации по полиязычному изучению  
предмета «География» в школах  
с национальным языком обучения**

Методические рекомендации

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2013 жылғы 20 қарашадағы № 5 хаттама).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол № 5 от 20 ноября 2013 г.).

Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «География» пәнін көптілді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар . Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 20 б.

Методические рекомендации по полиязычному изучению предмета «География» в школах с национальным языком обучения. Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2013. – 22 с.

Бұл әдістемелік құрал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызындағы №1080 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты негізінде әзірленді, білім беру мазмұнының негізін қалаушы аспектілері, Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде қамтылады.

Әдістемелік құралда көптілділікті дамытуға арналған әдістемелік ұсыныстар берілген. Мектеп жадында тілдік және тілдік емес пәндерді бағдарламалық сағат мөлшерінде бірнеше тілде оқыту әдістемесі әзірленіп, орта мектепте қолдану ерекшеліктері қарастырылған.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал білім беру жүйесіндегі әдіскерлерге, мектеп мұғалімдеріне арналған.

Данные методические рекомендации разработаны с учетом специфики полиязычного обучения неязыковому предмету. В работе даются практические рекомендации по организации и использованию полиязычия на уроках географии в общеобразовательной школе, раскрывается роль и значение этих подходов, показана совокупность методических приемов, представлены типы и формы проведения уроков. Предложены многоаспектные, системные подходы для развития полиязычия при изучении природных, экологических и экономических параметров учебной программы предмета «География».

Издание предназначено для методистов, учителей и учащихся школ, колледжей, студентов высших учебных заведений.

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық  
білім академиясы, 2013

© Национальная академия образования  
имени И.Алтынсарина, 2013

## Кіріспе

Еліміздің тәуелсіздігі нығайып, қоғамдағы демократияның өрісі кеңейген шақта адамның қоғамдық та, тұлғалық та рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған орай рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Қазақстанның білім беру саласының маңызды стратегиялық мақсатының бірі білім берудің қазақстандық алдыңғы қатардағы әдіс-тәсілдерін сақтап қалу болса, екінші жағынан мектеп түлектерін негізі – мемлекеттік, ана және шет тілдерін меңгеру болып табылатын лингвистикалық сана-сезімдерін дамыту арқылы, халықаралық біліктілік сапаларымен қамтамасыз ету.

Еліміздің Президенті өзінің жолдаулары мен баяндамаларында көпұлтты қазақстандық қоғам үшін көптілділікті дамытудың маңыздылығы туралы айтқан болатын. Қазақстанда үштұғырлы тіл идеясын Президент 2004 жылы бірінші рет жария етті. Ал 2006 жылғы жазда айында Қазақстан халықтарының Ассамблеясында біздің балаларымыздың болашағы үшін кем дегенде үш тілді білу керек деп атап көрсетті. 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен жүзеге асыруды бастауды ұсынды, бұл жобаға сәйкес үш тілді: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін ғаламдық экономикаға табысты ықпалдасу тілі ретінде дамыту қажет, - деген болатын [1].

Қазақстанның әлемдік қауымдастықпен ықпалдасуы: тілдердүйрену арқылы жаңа білімді меңгере алатын адам үшін әлем кеңістігі ашық деген ең қарапайым шындықты түсіну мен жүзеге асыруға байланысты болып отыр. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың бірден-бір жолы – көптілділік. Сол себепті біздің еліміз білім берудегі көптілділік концепциясын жүзеге асыруды бастады.

Тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол кез-келген халықтың мәдени мұрасы. Ол адамөміріндегі құндылықтар жүйесін, оның мінез-құлық тәртібін, ойлау бейнесін қалыптастырады. Өзінің ана тілін және басқа халықтың тілін меңгерген адам көп адаммен қарым-қатынас жасауға, басқа халықтың тарихымен, мәдениетімен жақынырақ және тереңірек танысуға, оның рухани және материалдық байлығына араласуға мүмкіндік алады.

Үш тілде білім бере отырып, өмір сүру салты, мәдениеті, тарихы бір-біріне ұқсас емес үш халықтың тілі арқылы, біз болашақ ұрпақтың бойында басқа ұлт өкілдерінің рухани, мәдени, тарихи құндылықтарына құрметпен қарау, сыйлау сезімдерін тәрбиелейміз. Сол себепті көптілді білімді дамытудағы мақсат, оқушылардың үш тілді меңгеруі ғана емес, олардың көпмәдениетті дүниетанымдарын кеңейту. Көптілді білім беруді дамыту қарғы келесі мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылу керек:

- 1) тілдерді жетік меңгерген (білетін);
- 2) дүниетанымдық көзқарастары кең;
- 3) еліміздің лайықты, сенімді азаматтарын тәрбиелеу.

## 1 Пәнді көптілді меңгерудің тәжірибесінен

Көптілді білім беру – бұл үш немесе одан да көп тілді меңгерген көптілді тұлғаны қалыптастыру процесі болып табылады. Ұлттық тілде оқытатын мектептерде география пәнін көптілді оқыту баланы қоғамның, ұжымның, отбасының мүшесі ретінде тәрбиелеуге қажетті коммуникативтік біліктіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Коммуникативтік біліктілік ұлттық тілде, орыс тілінде немесе шет тілінде болса даөзімен әңгімелесушіні тыңдай алу, онымен әңгімені үзбей қолдай алу шеберлігін қарастырады. Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде әлемде алдыңғы қатардағы тілдердің бірі болып отыр, бұл негізінен экономиканың, технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты. Шетел тілдерін меңгеру елдің, аймақтардың экономикасының сонымен қатар әрине, оқушының жеке тұлға ретінде дамуы үшін, болашақта табысты еңбек етуі, кәсіби біліктілігін жоғарылатуы үшін де өте маңызды. Бізді жеткіншектеріміз көздеген мақсатына жету үшін ең болмағанда бір шет тілді меңгеруі қажет.

Көптілді білім мазмұны ана тілі мен мемлекеттік тілде, сонымен қатар, бір немесе бірнеше шетел тілінде жүйеленген білім, білік және дағдыны қамтуы тиіс. Көпмәдениеттілік жағдайында көптілді білім беруді жүзеге асырудың негізгі идеясы оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкес түрлі тілдерді пайдалану ынталандыру, мәдениетаралық қарым -қатынас дағдыларын қалыптастыру, өз халқының мәдени құндылықтарын жоғалтып алмай, өзге елдің де мәдени құндылықтарын бойына сіңіре алу болып табылады.

Көптілділікті ерте заманнан бері адамзат дамуының маңызды бағыты ретінде қарастырып келеді. Қазіргі кезде тұрғындары бір ғана тілді білетін мемлекетті жүзге елестету өте қиын. Шын мәнісінде бір ғана ұлт өкілінен тұратын өркениетті мемлекет жоқ деп айтуға болады. Ал кез-келген көпұлтты мемлекеттің қажетті деңгейде әрекет етуі үшін екі тілді және көптілді қалыптастыру өте маңызды мәселе. Көптілділік – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Көп тілді меңгерген адам деп өмірдің әр түрлі жағдайларында сұхбаттасатын адамын түсіне де, онымен әңгімелесе де алатын адамды айтады. Бірақ шет тілін оқу шет тілінде толық білім алғандықтың белгісі емес. Пәндерді мектептің оқыту тілінде ғана емес, басқа тілдерді кіріктіріп оқытқан жағдайда оқушы көптілді білім алды деп айтуға болады, мысалы, мемлекеттік тілде немесе орыс, тәжік, өзбек, ұйғыр тілдерінде білім беретін мектептерде білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдану арқылы тек қана география пәнін емес басқа пәндерді де көптілде оқыту қазіргі көпмәдениетті және көптілді қоғамға бейімделе алатын, осындай қоғамда сұранысқа ие болатын тұлғаны дамытуға мүмкіндік береді. Сол себепті мектепте пәндерді көптілде оқыту мәселесі өте маңызды болып саналады.

Қазіргі кезде көптілді оқыту жүйесінде келесі ұстанымдар қалыптасып отыр:

- мемлекеттік тіл – (тәжік, өзбек, ұйғыр) – орыс тілі – ағылшын тілі;
- тілдерді оқыту, үйрету ана тіліне сүйене отырып жүзеге асырылуы тиіс;

– шетел тіліне оқыту оқытылатын тілде ойлауға, ойын сол тілде ауызша да, жазбаша да жеткізе алуға бағытталуы тиіс [2].

Білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі өскелең ұрпақты әлемдік құндылықтарды қадірлей білуге тәрбиелеу, әлемдік кеңістіктегі өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасай білу шеберлігін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі әлемде тілдің атқаратын қызметінің маңыздылығына байланысты қоғамның алдында тұрған үлкен мәселе, ол – оқушыларды тілдерге үйрету және тілді меңгеру деңгейлерін көтеру. Ал мектеп пен мұғалімдердің алдында тұрған мақсат, бұл – өз халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, ана тілін жетік білетін, мәдениетті, бірнеше тілді еркін меңгерген, өздігінен білімін жетілдіруге ұмтылатын тұлға тәрбиелеу. Бүгінгі технология және жаһандану заманында өскелең ұрпақты көпмәдениеттілікке тәрбиелеу үдерісін іздестіру қарқынды жүргізіліп отырғанын байқауға болады. Қазіргі таңда өзара байланысы мен өзара тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден-бір жолы көптілділік болып табылады.

Қазір көптілді білім беру – мектептегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін басты қажеттілік. Көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты [3].

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірі білім тұлғаның ой - өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгертуді жолға қою – бүгінгі таңда орта білім жүйесіндегі педагогикалық үдерістің негізгі бағыттарының бірі [3].

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 -2020 жылдар аралығында арналған мемлекеттік бағдарламасының» іске асырылуы үш кезеңге бөлініп отырғаны туралы жазғарыда айтқан болатынбыз. Бұл жоба бойынша 2011-2013 жылдар аралығында (бірінші кезең) тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негізін арттыруға арналған шаралар кешенін өткізу жоспарланған. 2014-2016 жылдарда (екінші кезең) мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану технологиялары мен әдістерін енгізу практикалық шаралар кешенін жүзеге асыру және тілдердің көптүрлілігін сақтау жұмыстары көзделіп отыр. 2017-2020 жылдар аралығында (үшінші кезең) өзге тілдердің қолданысын сақтаумен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейін, оның қолданылу сұранысының сапасы мен меңгерілуін жүйелі мониторинг арқылы нәтижесін шығару белгіленген. Бағдарлама бойынша мемлекеттік тілді қазақстандық өзге ұлт азаматтарының 2014 жылы – 20%-ы, 2017 жылы – 80 %-ы, 2020 жылы – 95 %-ы, сонымен қатар, орыс тілін 2020 жылы қазақстандықтардың 90% -ы, ағылшын тілін 2014 жылы – 10%-ы, 2017 жылы - 15%-ы, 2020 жылы -20%-ы меңгеру керек деген мақсат қойылуда.

Үш тілді меңгерген халықтың бөлігі 2014 жылы - 10%, 2017 жылы - 12%, 2020 жылы - 15% құрау керек деген міндет қойылып отыр.

Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ. Өйткені, мәдениет пен тілдердің саналуандығы – бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Яғни, еліміздегі кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын ерікті үрде таңдай алады. Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр [3].

Елімізде юптілді білім беретін «Магер» арнайы мектептері, дарынды балаларға арналған арнайы мектептер, Назарбаев зияткерлік мектептері, «Мирас» мектебі, «Хэйлибери» мектебі, қазақ -түрік лицейлері жұмыс істейді. Бұл мектептерде оқыту үш не төрт тілде жүргізіледі. Математика, информатика және жаратылыстану циклі пәндері ағылшын тілінде, қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы мен Қазақстан географиясы, «Адам. Қоғам. Құқық», дүниежүзі тарихы қазақ тілінде, дүниежүзі географиясы, түрік тілі пәндері түрік тілінде, орыс тілі мен әдебиеті пәндері орыс тілінде оқытылады.

Аталған мектептер арнайы орта білім ұйымдары болып отыр. Еліміздегі басқа мектептерді алатын болсақ, ол мектептерде мұндай көптілділікке үйрету жағдайы бола бермейтіні сөзсіз, оның себебі мұғалімдердің бірнеше тілде дәріс беруге дайындығының жоқтығы және қолданыстағы оқулықтардың көптілділік деңгейіне икемделмегендігі.

Өзге тілді мектептерде мемлекеттік тіл, оқыту тілі немесе ана тілі, орыс тілі және шетел тілі, бір өзбен айтқанда төрт тіл бірден оқытылады . Мысалы, оқыту тілі өзбек тіліндегі мектептерде оқушы бір сыныпта қазақ тілін, орыс тілін, шетел тілін және өзбек тілін оқиды.

## 2 Пәнді көптілді меңгерудің дидактикалық тұрғысы

Бүгінгі күні біздің елімізде мектеп пәндерін көптілді оқытудың біртекті әдістемесі жоқ, соған байланысты білім берудің бұл саласы әлі зерттелуі тиіс деген ой туындайды. Көптілді оқытуды өздерінің білім беру жүйесіне енгізген елдердің (Канада, Бельгия) тәжірибесін оқып-зерттеу барысында әшдерді бірнеше тілдеқыу дың тиімділігіне көз жеткіздік. Оқып-зерттелген тәжірибелер негізінде анықтағанымыз, пәндерді бірнеше тілде оқытуға көшуді кезең-кезеңмен жүзеге асыру қажеттігі, өйткені бірнеше тілде оқуға көшуді бірден кіргізу әш материалдарының меңгерілу сапасына әсер етуі және оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Осы себептерге байланысты білім беруді жаңа әдіс -тәсілдерін қолдана отырып, стандартты емес саба түрлерін өткізу барысында сабақтың жекелеген фрагменттеріне өттілді оқытуды кіргізу ді ұсынамыз , мысалы, ойын сабақтарын өткізу. Өйткені ойын арқылы оқыту дегеніміз – білім алушылардың тілге байланысты едділарын қалыптастыруға бағытталған практикалық сабақтар. Ойын әдісі арқылы оқытудың артықшылығы, ана тілінде емес басқа тілдегі өйлеу және тілдік материалдарды меңгеру неғұрлым тиімді жүзеге асырылады, өйткені бір-бірімен сөйлесу үрдісі тәуелсіз эмоциялық ойын және қимыл, іс-әрекет белсенділігі жағдайында жүргізіледі.

Кез келген пәнге оқытуда міндетті болып табылатын білім берудің негізгі қағидалары дидактикалық принциптер деп аталады. Көптілді оқытуда келесі дидактикалық принциптерге:

\* мұғалімнің жетекшілік етуінде, оның белсенділігі мен саналылығына;

\* оқу материалының жүйелілігі мен бірізділігіне;

\* оқу материалының көрнекілілігіне;

\* оқушы үшін оқу материалының түсінікті болуына;

\* оқушылардың жас ерекшелігінің ескерілуіне сүйену қажет. Аталған принциптерге географияны көптілді оқыту тұрғысынан тоқталатын болсақ.

Саналылық принципі – бұл принцип арқылы негізгі географиялық ұғымдарды, анықтамаларды, заңдылықтарды алдымен мектептің оқытатын тілінде терең түсініп, меңгеріп алу, содан кейін мемлекеттік тілде, орыс тілінде, шетел тілінде айтыррену ді қарастырады . Оқушылардың саналылығы оқылған материалды түсінулерінен, алған білімдерін өмірдің әр түрлі жағдайларында қолдана алу дағдыларынан көрінеді.

Белсенділік принципі – бұл принцип оқушылардың шығармашылық жұмыстарды, өздік жұмыстарды орындауда, оқу материалын меңгеруде белсенділік танытуларын қарастырады. Оқушылар орындаған жұмыстарын тек ана тіліндеғана орындап қоймай, басқа тілдерге де аударып өздерінің білімдерін бірнеше тілде қолдану белсенділіктерін көрсете алады.

Шығармашылық жұмыстар, өзіндік жұмыстар жазбаша түрде жүргізіліп, ауызша әңгімелеу арқылы қорытындыланады. Бұл принцип оқушылардың географияны оқуға, білуге деген қызығушылықтарын, оқудың негізі болып табылатын сөйлеу және ойлау белсенділігін дамытумен айқындалады

Көрнекілік принципі жекелеген заттар, құбылыстар туралы көзқарас қалыптастыруға көмектеседі. Бұл принципті география әніне қатысты ұғымдардың, құбылыстардың, нысандардың суреттеріне олардың атауларын бірнеше тілде жазып және оларды ауызша айту арқылы жүзеге асыруға болады. Көрнекілікке қарап отырып оқушы сол ұғымға, құбылысқа, нысанға байланысты сөйлемдер құрап оны басқа тілдерге аударарды және бұл жұмысты ауызша да, жазбаша да орындатуға болады. Көрнекілік құралдары оқушының сөйлеу дағдысы мен біліктілігін дамыту үшін, өз ойын жеткізуде көмекші құрал ретінде қолданылады. География пәніндегі көрнекіліктер: әр түрлі кестелер, сызба-нұсқалар, диаграммалар, суреттер.

Жүйелілік принципі оқу материалын беруді ұйымдастыру мен оның бірізділігін қарастырады, бұл оқудың түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Көптілді оқытуда бұл принципті «жеңілден ауырға қарай» ұстанымы арқылы және материалды кезең-кезеңмен кішкентай бөліктермен беру арқылы жүзеге асыру қажет.

Оқушылардың жас ерекшелігін ескеру принципі, сөйлеу дағдылары мен біліктерін қалыптастыруды, тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін есепке алуды және оқушының тілдік ортаға бейімделуін қарастырады.

Әдістемелік принциптері тілдерді оқытудың ерекшеліктерін айқындайды. Бұл принцип басқа тілде тілдесу барысын қарым-қатынастың күнделікті өмір жағдайына жақындатылуын, оқушының туған тілін ұмытпауын, тілдік қарым-қатынас түрлерін түрлендіріп отыруды қарастырады. Тілдік қарым-қатынас түрлері: мәтінді көптілде оқу, жазу, сөйлеу, бір тілден екінші тілге аудару.

Сонымен қатар практикалық лингвистика принципін де қосуға болады, ол көптілді оқытуда ғылымның базисті әдісі болып саналады. Тілді білу мен сөйлеу деңгейінде практикалық лингвистиканы үшке бөлуге болады:

тілдік – тілдің немесе тілдердің жүйесі;

сөйлеу – тіл арқылы сол тілде ойлауды қалыптастыру;

сөйлесу – қарым-қатынас үдерісін жүзеге асыру.

Бұл принципті жүзеге асыру барысында тілдік материалдар қырыптың мазмұнына сәйкес іріктеліп алынады.



### **3 Тілдік құзыретін және пән бойынша функционалды сауаттылығын дамыту мазмұны, әдістері және нысандары бойынша ұсынымдар**

Көп тіл білетін тұлғаны қалыптастыру үшін оқу үдерісін ұйымдастырғанда, оқытудың мазмұны, принциптері ерекше іріктелгенде, жоспарлау, оқытудың сәйкестігі көзделген арнайы технология жасалып, осы оқытудың нәтижесі назарда ұсталғанда көп тіл білетін тұлғаның қалыптасуы мүмкін. Осыған байланысты, бірін бірі өзара толықтырып отыратын келесі жолдар ұсынылады:

1) Қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс және шетел тілдері, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ және шетел тілдері сабақтарын кіріктіріп оқыту, ал өзбек, ұйғыр, тәжік тілдеріндегі мектептерде төрт тілді кіріктірген тілдік сабақтар ұйымдастыру, әрине бұл жол көптеген қиындықтарға тап болары өзіс. Себебі, арнайы дайындықтан өткен мұғалімдердің, арнайы оқулықтардың жоқтығы, дәл осы уақытта сабақ беріп жүрген мұғалімдердің тілдерді білмеуі. Бұл қиындықты болдырмаудың бірден-бір жолы бірыңғай тақырып минимумын, сөйлеу ниетінің бірыңғай минимумын анықтау, үш тілден семантикалық нысандары сәйкесетін лексикалық-фразеологиялық және грамматикалық минимумдар құрастыру.

2) Барлық тілдік пәндерді (ана тіл, екінші тіл, шетел тіл, өзбек не тәжік не ұйғыр тілдері) функционалды-коммуникативтік технология бойынша бірыңғай тақырыптық минимум негізінде оқытуға болады (Болатбаева К.Н). Бұл жағдайда әр тілдік пән жеке түрінде оқытылады, бірақ тіл дамыту тақырыптары уақыттық параллелизм принципінің негізінде бірдей болуы тиіс.

3) Жұарыда тілдік пәндер туралы сөз болды, осы тәсілмен пәндерге байланысты, нақты айтқанда география пәніне байланысты үш не төрт тілден тұратын бірыңғай тақырыптық, диалогтық минимум құрастыру, лексикалық және грамматикалық минимумдар, сөздіктер құрастыру (мысалы, өзбек тілінде оқытатын мектеп үшін қазақ тілі, орыс тілі, шетел тілі және ана тілінде болуы қажет).

4) Бұл жол Павлодар облысының кейбір мектептерінде өткеріле бастады. Ол – тілдік емес пәнді (биология, физика, информатика, математика т.б) үш және одан көп тілде когнитивтік-коммуникативтік технология бойынша оқыту [3].

5) Бұл мектептерде мазмұны бірыңғай тақырыптық-сөздік негізбен сипатталатын элективті курс, ~~қан~~ үш не төрт тілден белгілі бір тақырыпта қолданылатын лексикалық-грамматикалық материал іріктеліп алынады. Қолданбалы курстардың атауы мынадай болуы мүмкін: «Күнделікті көптілділік» (бастауыш және орта буынға арналған), «Мәдениет саласындағы көптілділік», «Экономика саласындағы көптілділік», «Қоғамдық-саяси өмірдегі көптілділік». Бұл оқушыларға көп тіл үйретудің оңай жолы, оқу жоспарларына өзгеріс енгізудің қажеті жоқ. Дегенмен бұл жол жеткіліксіз. Өзге міндетті оқу пәндерімен салыстырғанда екінші қатарға ысырылған элективті курстар мұғалімдер жоғары жауапкершілік сезінгенде, оқушыларда тілдерді оқуға деген табиғи құмартушылық, мектеп әкімшілігі тарапынан айырықша бақылау болғанда ғана оң нәтиже береді.

б) Тілдік тәжірибе үшін оқушылардың алмасу мақсатымен халықаралық қатынастарды белгілеу. ҰБ жол қосымша және демалыс кезінде іске асырылады [3].

Оқушылардың тілдік құзыретін және пән бойынша функционалды сауаттылығын дамыту мақсатында тақырыптар бойынша қазақ, орыс, ағылшын және өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде берілген тақырыптардың атаулары, тақырыпта жиі кездесетін ұғымдар, терминдер, анықтамаларды кесте түрінде беруге болады. Бұл кесте әр оқушыда болса, ол кестені сабақта қолдану арқылы мектептің оқытатын тілінен басқа тілдерде сөздердің жазылуын, айтылуын күнделікті көру, қолдану арқылы сөз қорын толықтыруына, тілін жаттықтыруға мүмкіндік алады. Мысалы, 6-сыныптағы география пәнінің бастапқы курсына «Литосфера» бөлімін көптілді оқытуда кездесетін терминдерді бірнеше тілде қолданудың үлгісін 1 -кестеде ұсынып отырмыз. Ал, жиі кездесетін терминдер сөздігі қосымшада берілді.

1-кесте – «Литосфера» бөлімін көптілді оқыту

Оқылатын тақырып	Тақырыптағы негізгі ұғымдар			
	қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде	өзбек тілінде
Жердің құрылысы	жердің құрылысы, Жердің ішкі құрылысы, жердің сыртқы құрылысы, Жер қыртысы	строение Земли, внешнее строение Земли, внутреннее строение Земли, земная кора	Earth construction, The outer (external) Structure of the Earth, The inner (internal) Structure of the Earth, Outer portion of the Earth	Ернинг тузилиши, ернинг ички тузилиши, ернинг ташки тузилиши, ер пўсти
Литосфералық тақталар туралы ұғым	литосфералық тақта, мұхит ортасы тақтасы, арал, мұхит, шұңғыма	литосферная плита, срединно-океанический хребет, остров, океан, впадина (желоб)	Lithospheric plates Mid-ocean ridge Island Ocean Valley	Литосфера плитаси, океан ўртаси тизмалари, орол, океан, чўкма
Жер қыртысын түзетін тау жыныстары	тау жыныстары, минералдар, магмалық тау жыныстары, шөгінді тау жыныстары,	горные породы, минералы, магматические горные породы, осадочные горные породы, метаморфически	Mountain rocks, Minerals, Rocks formed of magma Rocks formed after	Тоғ жинслари, минераллар, магматик ғ то жинслари, чўкинди ғ то жинслари, метаморфик ғо

	метаморфтық тау жыныстары	е горные породы	presipitations Metamorphic mountain rocks	жинслари
Жер қыртысының қозғалысы. Жер сілкіну	жер сілкіну, жер сілкіну ошағы, сейсмикалық аймақтар	землетрясение, очаг землетрясения, сейсмические зоны	Earthquake, earthquake center, seismic belt	Зилзила, зилзила ўчоғи, сейсмик худудлари
Жанартаулар, ыстық бұлақтар, гейзерлер	жанартау, лава, жанартау көмейі, кратер, сөнген жанартау, сөнбеген жанартау, ыстық бұлақ, минералды су, гейзер	Вулкан, лава, жерло вулкана, кратер, потухший вулкан, действующий вулкан, горячий источник, минеральная вода, гейзер	Volcano, lava, vent of volcanoes, crater extinguished volcano, active volcano, active point, fountainhead, spring water, geyser	Вулкан, лава, вулкан ғибы, кратер, сўнган вулкан, ҳаракатдаги вулкан, қсси булоқлар, минерал сувлар, гейзер
Таулар. Таулардың биіктігіне қарай бөлінуі	тау, тау жотасы, таулы өлке, тау торабы, шыңы аласа таулар, орташа биік таулар, биік таулар	гора, горный хребет, горная страна, горный узел, пик, низкие горы, средневысотне горы, высокие горы	Mountain, mountain ridge, mountainous country, mountain range, the peak, low hills, medium-altitude mountains, high mountains	Тоғ, тоғ тизмалари, тоғи ўлка, тоғ тугуни, чўққи, паст тоғлар, ўртача тоғлар, баланд тоғлар
Жазықтар. Жазықтардың пайда болуы және өзгеруі	жазық, тегіс жазық, төбелі жазық, ойпат, қырат жазықтар, таулы үстірт, аңғар, барқан	равнина, плоская равнина, холмистая равнина, низменность, возвышенность, плоскогорье, долина, барханы	The steppe, flat plain, hilly plain, low lands, high lands, plateau, valley, barkhan	Текислик, ясси текислик, сертепа текислик, пасттекислик, дўнгликлар, ясси тоғлик, водий, бархан
Мұхит түбіндегі таулар мен жазықтар	дүниежүзілік мұхит, тереңдік, қазаншұңқыр,	всемирный океан, глубина, котловина, материковая	World ocean depth, hollow, continental shallow,	Ер юзи океани, чуқурлиги, котловина, материк қирғоғи,

	материктік қайраң, материктік беткей, шұңғыма	отмель, материковый склон, желоб	continental slope, trench	материк қиялиқ, чўкма
Жер бетін шаруашылыққа пайдалану және қорғау	табиғат байлығы, жер қойнауы, тиімді пайдалану, табиғатты қорғау	богатства природы, недра земли, эффективное использование, охрана природы	Richness of nature, Earth subsoil, effective use, conservation	Табиғат бойлықлари, ер ости бойлықлари, самарали фойдаланиш, табиғатни ҳимоя қилиш

## Қорытынды

Сонымен, көптілді оқыту дегеніміз – үштұғырлы білім беруге бағытталған мақсатты, ұйымдасқан оқу үрдісі, бірнеше тіл меңгерген тұлға тәрбиелеу. Көптілді білімнің мазмұнында ана тілі мен мемлекеттік тіл, сонымен қатар бір немесе бірнеше шет тілдері саласында жүйелі білім, білік пен дағдыны қамту. Көптілді білім беру әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара қарым-қатынастардың негізін қалаушы идеяларды үзеге асыруды қарастырады. Мысалы:

- оқушылардың қызығушылығы мен қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі тілдерді қолдануға жағдай жасау;
- мәдениет аралық қарым-қатынас шеберлігін қалыптастыру;
- тіл арқылы нақты бір мәдениетті, олардың өзара байланыстарының ерекшелігін тану және білу;
- өз мәдениетінің ерекшеліктерін жоғалтып алмай, өз мәдениетінің шегінен шығып, басқа мәдениеттердің медиаторлық қасиетіне ие болу;
- тілдерді оқытудың мазмұнында өз елінің, өлкесінің әлеуметтік-мәдени жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Пәндерді көптілді оқыту барысындағы жұмыстар әліде зерттелетін проблема, осы орайда шетелдерді көптілді оқыту тәжірибесі зерттелуі тиіс. Сонымен қатар арнайы, таңдауы бойынша, факультатив курстардың бағдарламалары құрылуы тиіс

## 1-қосымша

6-сынып. «География» пәнінің бастапқы курсында жиі кездесетін термин сөздігі.

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде	Ұйғыр тілінде	Өзбек тілінде
география- Жерді суреттеу	география- описание Земли	geography- description of the Earth	географиялик- йәрни тәсвирләш	география- Ернинг тасвири
алғашқы зерттеушілер	первооткрывател и	discoverers	дәсләпки ечилишлар	илк кашфиётчилар
жазықтықтағы Жер	Земля на плоскости	earth on the plane	йәр тәкшилиги	ер текисликда
масштаб	масштаб	scale	масштаб	масштаб
бағдарлау	ориентирование	orientation	молжалаш	мўлжал олиш
жергілікті жердің планы	план местности	plan of the area	йәрлик жайниң плани	махаллий жой плани
топографиялық түсіру	топографическая съёмка	survey	топографиялик чүшириш	топографик суратга олиш
глобус	глобус	globe	глобус	глобус
географиялық карта	географическая карта	geographic map	географиялик хәритиләр	географик харита
градус торы	градусная сетка	degree grid	градуслук тор	градус тўри
географиялық координаттар	географические координаты	geographic coordinates	географиялик кординатлар	географик координаталар
абсолют биіктік	абсолютная высота	absolute height	абсолютлик егизлик	мутлоқ баландлик
салыстырмалы биіктік	относительная высота	relative height	нисбий егизлик	нисбий баландлик
картадағы биіктіктер мен тереңдіктер	высоты и глубины на карте	height and depth map	хәритиләрдә егизликләр вә ойманликлар	харитада баландлик ва чукурликлар
планды оқу	чтение плана	reading plan	хәритини оқуш	режани ўқиш
картаны оқу	чтение карты	reading map	планни оқуш	харитани ўқиш
навигациялық жүйелер	навигационные системы	navigation systems	навигагацияли к система	навигация тизими
жер қабықтары	оболочки Земли	earth covers	йәр қәвәтлири	ер қобиклари
литосфера	литосфера	litosphere	литосфера	литосфера
жердің құрылысы	строение Земли	structure of the Earth	йәрниң түзүлуши	ернинг тузилиши
тау жыныстары	горные породы	rocks	тағ жинислири	тоғ жинслари
минералдар	минералы	minerals	минераллар	минераллар
литосфералық такталар теориясы	теория литосферных плит	theory of Earth's plates	литосферилиқ тахтилар	литосфера плиталари назарияси

жер сілкіну	землетрясения	earthquake	йәр тәвирәш	зилзила
жанартаулар, гейзерлер	вулканы, гейзеры	volcanoes, geysers	янар тағлар, гейзилар	вулканлар, гейзерлар
құрлықтағы таулар	горы суши	mountain land	Оуруклуктики тағлар	Оурукликдаги тоғлар
жазықтар	равнины	plains	Ттүзләңләр	текисликлар
мұхит түбінің жер бедері	рельеф океана	ocean floor relief	океан тегиниң рельефи	океан ости рельефи
жер қойнауының ресурстары	ресурсы недр Земли	resources of a subsoil of Earth	йәр бетидики тәбиәт ресурслири	ер ости бойликлари
гидросфера	гидросфера	hydrosphere	гидросфера	гидросфера
су, оны айналымы	вода, ее круговорот	water, its circulation	су, суниң айлиниши	сув, унинг айланиши
дүниежүзілік мұхит	мировой океан	theWorldsocea n	дунявий океан	дунё океани
жердегі мұхиттар	океаны Земли	oceans of the Earth	йәр шаридики океанлар	ер океанлари
мұхит суының қасиеттері	свойства воды океана	properties of the ocean	океан сулириниң хусусийәтлири	океан сувлариниң таркиби
мұхиттағы толқындар	волны в океане	waves in the ocean	океан долқунлири	океандаги тұлқинлар
мұхит ағыстары	океанические течения	ocean streams	океандики доқунлар	океандаги оқимлар
мұхит- гидроғарыш ретінде	океан, как гидрокосмос	ocean, as hydrospace	океандики еқимлар	океан, гидрокосмос сифатида
мари (не) мәдениет	марикультура	mariculture	океан гидрокосмос шәклидә	марикультура
аква (су) мәдениет	аквакультура	aquaculture	аквакультура	аквакультура
құрлықтағы сулар	воды суши	water land	қуруклуктики сулар	қурукликдаги сув
өзендер, мұздықтар	реки, ледники	rivers, glaciers	дәриялар вә музлуклар	дарё, музликлар
көлдер, олардың түрлері	озера, их типы	lakes, its types	көл вә уларниң түрлири	кўл, унинг турлари
жер асты сулары	подземные воды	groundwater	йәр асти сулири	ер ости сувлари
су қоймалары, тоғандар	водохранилища, пруды	reservoir, ponds	тосмилар, жиралар	сув омборлари, ховулар
атмосфера	атмосфера	atmosphere	атмосфера	атмосфера
атмосфераның құрылысы	строение атмосферы	atmospheric structure	атмосфериниң түзүлүши	атмосфераниң г тузилиши

ауа	воздух	air	һава	ҳаво
жердің қозғалысы	движения Земли	movement of the Earth	йәрнің қозғилиши	ернинг ҳаракати
жарықтың, жылудың таралуы	распределение света, тепла	distribution of light and heat	иссиқ билән йорукнің бөлүнүши	иссиқлик, ёруғликнинг тақсимланиши
жылулық белдеулері	тепловые пояса	thermal zone	иссиқ бәлбағлар	иссиқ минтақалар
жыл мезгілдері	времена года	seasons	жил мәзгиллири	йил фасллари
ауа температурасы	температура воздуха	temperature	һава темпиратуриси	ҳавонинг ҳарорати
ауа температурасының орташа көрсеткіші	среднее значение температуры воздуха	average temperature	һава һараритиниң оттура өзгириши	ҳаво ҳароратининг ўртача қиймати
температураның тәуліктік, жылдық өзгерісі	суточный, годовой ход температуры	daily, annual temperature	суткилик вә жилиқ оттура температурилар	суткалиқ, йиллик ҳароратининг ҳаракати
температура ауытқуының амплитудасы	амплитуды колебания температуры	the amplitude of the temperature fluctuations	һава һараритиниң амплитудилиқ өзгириши	ҳароратнинг тебраниш амплитудаси
атмосфералық қысым	атмосферное давление	atmospheric pressure	атмосферилик қисим	атмосфера босими
жел, оның түрлері	ветер, его виды	wind, its types	шамал вә униң түрлири	шамол, униң турлари
ауа массалары	воздушные массы	air masses	һава массивлири	ҳаво массалари
жел өрнегі	роза ветров	wind rose	гүл шамили	шамол гули
ауадағы су буы	водяной пар в воздухе	water steam in the air	һавада суниң һоға айлиниши	ҳавадаги сув буғлари
атмосфералық жауын-шашын	атмосферные осадки	atmospheric precipitation	атмосферилик йегин-йешин	атмосфера ёғин-сочинлари
климаттық карта	климатическая карта	climate map	климатлиқ хәритә	иклим харитаси
ауа райы, оның түрлері	погода, его типы	weather, its types	һава райи вә униң түрлири	об-ҳаво, униң турлари
климат, оның белдеулері және түрлері	климат, его пояса и типы	climate, its zones and types	климат вә климатлиқ бәлбағлар типлири	иклим, униң минтақалари ва турлари
климат құрушы факторлар	климатообразующие факторы	climatic factors	климат һасил қилғучи фактлар	иклим ҳосил қилувчи факторлар
өз өлкесінің	климат своего	climate of their	өз йериңнің	ўз ўлка



климаты	края	region	климати	иқлими
атмосфера	атмосфера	biosphere	биосфера	биосфера
биосфераның құрылымы	строение биосферы	biospheric structure	биосфериниң түзүлүши	биосфкранинг тузилиши
биосфераның шекаралары	границы биосферы	the boundaries of the biosphere	биосфериниң чегарилири	биосфера чегаралари
тірі ағзалардың алуан түрлілігі	разнообразие живых организмов	barieties of living organisms	жанлиқ организмларниң көп хиллиғи	тирик организмларниңг хилма-хиллиги
тірі ағзалардың Жер қабықтарына әсері	влияние организмов на оболочки Земли	influence of organisms on the shell of the Earth	жанлиқ организмларниң йәр постиға тәсири	ер қобикларига организмнинг таъсири
ағзалардың өзара байланысы, биоценоз	взаимосвязь организмов, биоценозы	the relationship of organisms,	жанлиқ организмларниң өз ара бағлиниши. Биоценоз	организмнинг алоқадорлиги, биоценозлар
топырақ, оның горизонттары (қабаттары)	почвы, его горизонты (слои)	soil, its leaves	топа вә униң түзүлүши	тупроқ, унинг қатламлари
топырақтардың алуан түрлілігі	разнообразие почв	varieties of soil	топиниң һәр хиллиғи	тупроқнинг хилма-хиллиги
географиялық қабық	географическая оболочка	geographic cover	географиялық пост	геограқик қобик
табиғат кешені	природный комплекс	natural complex	тәбиәт комплекслири	табиат мажмуаси
табиғат компоненттері	природные компоненты	natural components	тәбиәт компонентлири	табиатнинг таркибий қисмлари
табиғат кешеніндегі өзара байланыстар	взаимосвязи в природном комплексе	relationship in natural complex	тәбиәт комплекслириниң өз ара бағлинишлири	табиат мажмуасидаги ўзаро боғлиқлик
жердің географиялық белдеулері	географические пояса Земли	geographic zones in the Earth	йәрниң географиялық бәлбағлири	ернинг географик минтақалари
жердің табиғат зоналары	природные зоны Земли	natural zones in the Earth	йәрниң тәбиий зонилири	ернинг табиий зоналари
мениң өлкемнің табиғат зоналары	природные зоны моего края	natural zones in my town	мениң өлкәмниң тәбиәт зонилири	ўлкамнинг табиий зоналари
жер табиғатындағы	глобальные изменения в	global changes in the nature of	йәр бетидики чоң	дунё миқийәсидаги

ғаламдық өзгерістер	природе Земли	the Earth	өзгиришләр	табиат ўзгаришлари
ғаламшардың экологиясы	экология планеты	ecology of the planet	йәр шариниң экологияси	Сайёранинг экологияси
мениң өлкемниң экологиясы	экология моего края	ecology of my town	мениң өлкәмниң экологияси	ўлкамнинг экологияси
жер бетіндегі адамзат	человечество на Земле	mankind on Earth	йәр йүзидики инсанийәт	ердаги инсоният
жер бетіндегі халықтар	население Земли	the world/s population	йәр йүзидики аһалә	ер шарыдаги аҳоли
халықтардың ғаламшарда орналасуы	размещение населения на планете	placement of the population on the planet	йәр йүзидики аһалиниң зичлиғи	аҳолининг сайёрадаги жойлашиши
нәсилдер мен ұлттар	расы и народы	races and nations	ириклар вә хәликләр	ирклар ва халқлар
нәсилдердің теңдігі	равенство рас	racial equality	ирикларниң барәвәрлиги	иркий тенглик
Миклухо-Маклайдың зерттеулері	исследования Миклухо-Маклая	research Miklukho - Maklaya	Миклухо-Маклайниң тәкшүрүши	Миклухо-Маклая тадқиқоти
елді мекендер	населенные пункты	settlements	йәрлик аһалә	аҳоли жойлашган масканлар
елді мекендердің картада бейнеленуі	изображение населенных пунктов на картах	the image of settlements on map	йәрлик аһалиләрниң хәритидә тәсвирлиниши	харитада аҳоли жойлашган масканларнинг тасвирланиши
дүние жүзиниң саяси картасы	политическая карта мира	political map of the world	дуния йүзиниң сәйясий хәритиси	дунёнинг сиёсий харитаси
ғаламшардағы мемлекеттер	государства на планете	the state on the planet	йәр шаридики дөләтләр	сайёрадаги мамлакатлар
тәуелсіз мемлекет	суверенное государство	sovereign state	мустәқил дөләтләр	суверен давлат
Қазақстан әлем картасында	Казахстан на карте мира	Kazakhstan in the map of the world	Қазақстан дуния хәритисидә	дунё харитасида Қозоғистон
мениң өлкемниң табиғат кешені	природный комплекс моего края	natural complex in my town	мениң өлкәмниң тәбиәт комплекси	ўлкамнинг табиий мажмуаси
экскурсия, саяхат	экскурсия	excursion	экскурсия	экскурсия
экспедициялық жұмыс	экспедиционная работа	expedition work	экспедициялик иш	экспедицион иш

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. – № 33(25278). – 2007. –
2. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология. – Алматы: Білім, 2011. – 343 с.
3. Орта мектепте көту процесінде көптілділікті дамыту әселелері. Әдістемелік кұрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атында Ұлттық білім академиясы, 2013. – 85 б.

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
1 Пәнді көптілді меңгерудің тәжірибесінен.....	4
2 Пәнді көптілді меңгерудің дидактикалық тұрғысы .....	7
3 Тілдік құзыретін және пән бойынша функционалды сауаттылығын дамыту мазмұны, әдістері және нысандары бойынша ұсынымдар.....	9
Қорытынды .....	13
Қосымша.....	14
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	19

## Введение

Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев на 12 сессии Ассамблеи народа Казахстана отметил: «Новое поколение казахстанцев должно быть по меньшей мере трехязычным, свободно владеть казахским, русским и английским языками», приведя пример выпускников школ и студентов Европы, для которых давно стало нормой непринужденное общение на нескольких языках. Знание не менее трех языков является требованием времени.

Приоритетность государственного языка – основа полилингвального образования в Казахстане. Конституция Республики Казахстан закрепляет приоритетность казахского языка как основы полилингвального образования. Оно возникает из необходимости гармоничного взаимодействия родного языка, который определяет национальную принадлежность людей и других языков, в данном случае, русского и иностранного (английского) языков. Как гласит восточная мудрость: «Знание родного языка – ключ к сердцу народа». Магжан Жумабаев говорил: «В языке нации, как в зеркале, отражаются его земля, история, быт, нравы и характер, если пошел на убыль язык нации – значит она стала вымирать». Существует очень мудрое и актуальное в настоящее время изречение: «Чем на большем количестве языков вы говорите, тем больше раз вы человек». Владея языками, люди способны лучше понимать друг друга, сотрудничать и взаимодействовать.

Актуальность проблемы полиязычия сегодня, в том, что в век технологизации и глобализации наблюдается активизация процесса поиска эффективных условий, механизмов воспитания подрастающего поколения, способного к диалогу с другими культурами. Именно поэтому действенным инструментом подготовки молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира является полиязычие. Следует заметить, что в современных условиях образ жизни человека определенным образом унифицируется, стираются многие национальные различия, теряется связь человека со своими корнями, обесценивается нравственный опыт предыдущих поколений. Поэтому перед учителем стоит важнейшая задача – использовать весь уникальный опыт и знания культурных традиций народов, общечеловеческих ценностей и мировой культуры в создании благоприятной образовательной среды, способствующей формированию языковых знаний и культуры, социально-активной личности, не забывающей свои корни. То есть для формирования конкурентоспособного специалиста, коммуникабельной позитивной личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым пониманием и чувством уважения других культур, умением жить в мире и согласии необходимо полиязычное образование. Все отмеченное выше обуславливает актуальность сформулированной нами методической проблемы.

## 1 Из опыта полиязычного изучения предмета

В современном Казахстане, для свободного выхода в международное пространство нужно молодое, полиязычное поколение, свободно владеющее различными языками. Главной преградой развитию массового полиязычия, включающего три и более языков, является отсутствие или неэффективное использование естественной речевой среды. Существующие пути овладения казахским, а также иностранными языками, которые сейчас используются (включая выезды за рубеж, на языковую практику), недостаточны. На повестке дня – полиязычное изучение неязыковых предметов, в частности географии.

Полиязычные подходы при изучении географии раскрывают новые возможности учебной деятельности. При осуществлении календарно-тематического планирования определяются разделы и темы, удобные для полиязычного изучения. С сохранением содержания учебного материала по стандарту, закладывается использование всех информационно-коммуникационных способов, облегчающих полиязычное усвоение. К плану прилагаются разработанные тематические, терминологические словарики, включающие основные понятия и термины раздела, переведенные на казахский, английский, уйгурский, узбекский и таджикский языки. Их желательно вначале раздать учащимся, затем по образцу словарики могут составлять они сами. Во время урока основные понятия и термины по теме учителем и учениками проговариваются на разных языках. Поэтому при планировании урока необходимо закладывать нужное время. Примерная схема активизации ключевых слов в разделах начального курса географии «Введение», «Изображение поверхности Земли на плоскости. План и карта», в полиязычном аспекте показана в таблице 1.

Таблица 1 – Схема рассмотрения разделов начального курса географии – «Введение», «Изображение поверхности Земли на плоскости. План и карта», в полиязычном аспекте

География, б класс, изучаемая тема	Основные понятия темы	Активизация ключевых слов на русском языке	Активизация ключевых слов на казахском языке	Активизация ключевых слов на английском языке
Что изучает физическая география, развитие знаний о Земле	Наука «География» ее структура, задачи	«Описание Земли» физическая, социально-экономическая части, прогнозирование	«Жердің сипаты» физикалық, әлеуметтік-экономикалық бөліктері, алдын-ала болжау	«Description of the Earth», physical, social and economic part, forecasting
Путешествия, исследования	формы и размеры Земли, географические	глобус Бехайма, открытие новых земель на западе,	Бехайм глобусы, батыста, оңтүстікте жаңа	Globe of Bekhaym, opening of

тели	открытия	юге, путешествие Колумба, Магеллана,	жерлердің ашылуы, Колумбтың, Магелланның саяхаттары	new lands in the West, in the South, travel of Columbus, Magellan
Организация наблюдений за природными явлениями	методы научного познания природы	наблюдение, эксперименты, опыты, знакомство с приборами для исследований	бақылау, эксперименттер, тәжірибелер, зерттеуге арналған құралдармен танысу	Observation, experiment, experience, acquaintance to devices for researches
Положение Земли в Солнечной системе, форма и размеры Земли	планеты, их орбиты, движение	расположение планет, Земли, ее форма, размеры, вращение вокруг оси, Солнца	планеталардың, Жердің орналасуы, оның пішіні, өлшемдері, өз білігінен, Күннің көзін айнала қозғалуы	arrangement of planets, the Earth, its shape, sizes, rotation round an axis, Sun
Виды изображения поверхности Земли	схема, рисунок, план местности, карта, фотография	их основные отличия: рисунок, схема, план, карта, способы создания	олардың негізгі айырмашылықтары: сурет, схема, план, карта, жасау жолдары	Their main differences, image, scheme, plan, map, ways of creation
